



Шешендік өнерді насихаттау жолдары

Дайындаған: № 16 жалпы білім
беретін орта мектебінің
7В сынып оқушысы
Салижонов Шахрубек

Зерттеудің мақсаты:

Сөз өнерінің өрісін кеңейту, және келешекке керек кемел істердің нақты бағыттарын айқындау.

Міндеттері:

- Сөз өнеріне баулу
- Ойды нақты жеткізе білуге жағдай жасау
- Шешен өнеріне деген қызығушылықты арттыру

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Шешендік өнер қазіргі кезеңде барлық оқу орындарында, оның ішінде мектеп бағдарламаларына толықтай енгізілуі қажет. Бұл бүгінгі өмірдің талабы.

Болжам: Егер біз шешендік өнерді күнделікті өмірде жиі қолданатын болсақ, келер ұрпақтың білім-ғылымға деген құштарлығы, ынтасы арта түсер еді.





Шешендік өнерді ғылыми тілде риторика деп атайды. Риторика ғылымының негізін салушылар Протагор және Сократ, Платон болған. Шешендік өнер ең алдымен Грецияда дамыған, оның астанасы- Афины. Солардың ішінде Лисий, Исакрат, Демосфен атақты шешендер болған. Шешендік өнер Грециядан кейін Рим мемлекетінде дамыған, онда Красс, Анатия, Кортенция бастаған атақты шешен қолбасшылары болған.

Қазақтардың шешендік өнерінің алғашқы нұсқалары түркі халықтарының Орхон, Енисей ескерткіштері мен көне жазба мұраларынан табылған. Мұнда Қорқыттың айтқан нақыл сөзі жазылған. Көне жазба мұраларында М. Қашқари, Баласағұни А. Иүгники, С.Сарайи, Құтып, А. Хорезм айтқан даналық сөздер табылған.






VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт Ата – ежелгі түркілердің көрнекті ағартушысы, ойшылы, әрі ақын, сазгер, әрі күйші, тарихта ерекше рухани із қалдырған, халық даналығын жинаушы, шешен.

Қорқыт ата



Римнің ұлы шешен ділмары –
Марк Тулий Цицерон (б.ғ.д. 10643)
Цицеронның мәлімдеуінше, Римде
сөз құдыретіне ие болған адамға
тәңіріндей табынған. Олар
“адамды даңққа бөлейтін екі
қасиетті өнер бар: бірі —
қолбасшылық, екіншісі —
шешендік” деп білген.

Цицерон



Көне Грецияның шешендерінің бірі — Демосфен, (б.з.д. 384-322 жж.). Шешендік өнер Демосфен өмірінің мәні болды, ол оны аталмыш өнердің ұстазы етіп шығарды. Демосфен сөйлеу мен оның техникасын шегіне жеткізді. Ол өзінің болмысы арқылы Цицеронның “Ақын болып жаралу керек, шешендер жүре келе қалыптасады” деген аталы сөзін дәлелдеп шықты.

Демосфен

Шешендік өнер 5 кезеңге бөлінеді:

- 1. Майқы би мен Аяз биден басталады. 12-13 ғасыр.
- 2. Асан Қайғы мен Жиреншенің кезеңі. 14-16 ғасыр.

Осы екі дәуірдің шешендерін «Ел құрасқан шешендер» деп атайды.

- 3. 17-18 ғасыр «Ел қорғасқан шешендер» Төле би, Әйтеке, Қазыбек бидің уақытын атайды.
- 4. 18 ғасыр Хан сұлтандарға қарсы шешен Байдалы, Әз Жәнібек, Тіленші би, Шалқар би, Тарақты Тұяқ.
- 5. 19 ғасыр би, болыстарға қарсы шешен Махамбет, Бала би, Тұрысбол, Сырым батыр шешендіктері.


Шешендік сөздердің үш түрін анықтайды: шешендік арнау, шешендік толғау және шешендік дау.

- Шешендік арнауға жататындар: 1. Бата, 2. Сын сөздер, 3. Көңіл айту 4. Жұбату. 5. Естірту, 6. Сыңсу, 7. Әзіл оспақ, 8. Сәлем сөз
- Шешендік толғауға жататындар:
 - 1. Нақыл сөздер 2. Мақалдар 3. Жаңылтпаштар 4. Мысалдар 5. Жұмбақтар 6. Жарапазан 7. Қанатты сөздер
- Шешендік дауға жататындар:
 - 1. Ердің құны 2. Жер дауы. 3. Жесір дауы 4. Ар-намыс дауы. 5. Отбасы дауы. 6. Халықтың ар-намыс дауы.

Шешендік өнерді зерттеп, оқулық жазған Г.З.Апресян қазіргі шешендікті мазмұнына қарай былайша бөледі:


- 1) Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік (баяндамалар, саяси сөздер, дипломаттық сөздер, әскери-патриоттық сөздер, үгітші сөздері)
- 2) Академиялық шешендік (дәрістер, ғылыми баяндамалар)
- 3) Сотта айтылатын шешендік (айыптаушының, қорғаушының сөздері)
- 4) Әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік (мерейтойда айтылатын мақтау сөздер, құттықтау сөздері)
- 5) Діни қызметте қолданылатын шешендік (діни уағыздары).

- Мектебімізде сыныптастар арасында және сегізінші орыс жіне қазақ сыныптары арасында төменде берілген сұрақтар бойынша сауалнама өткіздім (100 оқушы):
- Қазақтың шешен адамдарын білесіз бе? Атап өтіңіз.
- Шешендік сөздерді жатқа білесіз бе? Айтып беріңіз.
- Шешендік өнердің қазіргі жастарға қажеті бар ма? Дәлелдеңіз.
- Шешендік өнер арқылы дамитын қасиеттерді білесіз бе? Атаңыз.




Сауалнаманың қорытындысы:

- Оқушылардың 79% тек атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билерді атап өтсе, 21% оған қоса Сырым Датұлын, Жиренше шешенді тағы басқаларын атады.




- Шешендік сөздерді жатқа білетін оқушылар да бар, бірақ олардың 96% тек мектеп бағдарламасында берілген шешендік сөздерді ғана айта білді.




- Мектеп бағдарламасы бойынша
- Мектеп бағдарламасынан тыс

- Шешендік өнер қазіргі жастарға қажет – 98%, қажет емес – 2%



- Шешендік өнер арқылы адамның тапқырлығы дамиды – 40% , адамгершілік қасиеттері - 30% , топ алдында өзін-өзі ұстау мәнері түзеледі деп оқушылардың 20%, тіл тазалығы қалыптасады деп 10% дәлелдеді.



Шешендіктану ғылымы қазіргі шешендіктегі
сөйлеу түрлерін былайша жіктейді:

монолог және пікір алмасу,

ой-талқы,

пікірсайыс,

ойбөліс,

сөзталас,

айтыс тәрізді пікірталастың түрлері.

Біріншіден, барлық мектептер, жоғары оқу орындары жанынан шешендік өнер мектебін ұйымдастыру керек. Бұл бір жағынан, қазақ тілін меңгеру, екіншіден, қазақ салт-дәстүрімен жақын болуы себін тигізеді.

Екіншіден, заманауи негізде қазақтың дәстүрлі шешендік өнерінің бағытын, үлгісін, өзіндік ерекшелігін айқындау керек.

Үшіншіден, сөзсайыс мәдениетін қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде қарсыласушы тараптар, тұлғалар арасында телесаяси айтыс, дебат сайыстарын өткізіп, белсенділік танытқандарды марапаттап отыру қажет.

Назарларыңызға рахмет!

